

Сагинаева А.Н.

VIII-XII ғғ. Еуразияның далалық аймақтарының географиялық келбетінің өзгеруіндегі қыпшақтардың орны

Мақалада қыпшақтардың VIII-XII ғасырларда Еуразияның далалық аймақтарының географиялық келбетінің өзгеруінде алатын орны қарастырылады.

VIII-XII ғасырларда көшпелілер, қыпшақтар Батысқа қарай көші-қон үдерісінде тарихтың түрлі кезеңдерінде Еуразия аумағындағы әртүрлі ортағасырлық мемлекеттер құрамына кіріп, олардың мемлекет қалыптастыруында өзіндік үлес қосқаны, сондай-ақ қазіргі кезеңдегі түркі тілдес көптеген мемлекеттердің географиялық және этникалық бейнесін қалыптастыруына ықпал еткені де зерттеледі.

Сөз соңында автор, қарастырылған тарихи деректер мен еңбектер негізінде, қыпшақ даласының географиялық келбетінің тұрақты болмауының бір себебі көшпелілердің шараушылығымен байланысты болған деген қорытындыға келеді.

Түйін сөздер: Қыпшақтар, Қыпшақ Даласы, көші-қон, география, орта ғасыр.

Saginayeva A.N.

The role of Kipchak in changing the geographical shape of the Eurasian steppe regions in VIII-XII centuries

The article discusses the role of Kipchak in changing the geographical shape of the Eurasian steppe regions in VIII-XII centuries.

Investigate the migration of nomads, Kipchak in the West in the VIII-XII centuries, and that they, in different historical periods, joining the various medieval states, have made their contribution to the establishment of their state. Also considered their role in the development of geographic and ethnic shape modern Turkic states.

As a result, on the basis of historical sources and literature the author concludes that the geographic shape of Kipchak steppe was not stable and one of the reasons this was the nomadic life of Kipchak.

Key words: Kipchaks, Steppe of the Kipchaks, migration, geography, Middle Ages.

Сагинаева А.Н.

Роль кыпчаков в изменении географического облика степных регионов Евразии в VIII-XII вв.

В статье рассматривается роль кыпчаков в изменении географического облика степных регионов Евразии в VIII-XII вв.

Исследуются миграционные процессы кочевников, кыпчаков на Западе в VIII-XII веках, и то, что они в разные исторические периоды, войдя в состав разных средневековых государств, внесли свои вклад в становление их государственности. А также рассматривается их роль в становлении географического и этнического облика современных тюркоязычных государств.

В итоге на основе исторических источников и литератур автор делает вывод, что географический облик кыпчакской степи не был стабильным, и одной из причин этому был кочевнический быт кыпчаков.

Ключевые слова: кыпчаки, Кыпчакская степь, миграция, география, средние века.

**VIII-XII ҒҒ. ЕУРАЗИЯНЫҢ
ДАЛАЛЫҚ
АЙМАҚТАРЫНЫҢ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ
КЕЛБЕТІНІҢ
ӨЗГЕРУІНДЕГІ
ҚЫПШАҚТАРДЫҢ
ОРНЫ**

Этникалық тарихи тамыры Алтайдан басталатын қыпшақ тайпалық бірлестігі ортағасырларда қазақ даласында қоныстанып, мықты саяси күшке айналып, кейін сонау Еуропаның қақ төріне дейін қоныстанған халықтар тарихында әр кезеңде саяси одақтас болып, кейде тіпті олардың мемлекет қалыптастыруына да өзіндік үлесін қосты. Сондай-ақ, XI-XIII ғасырлардың бас кезінде қыпшақтар Ұлы Жібек жолы мен өзен бойындағы сауда жолдарының маңызды тармақтарына бақылау орнатып, көрші елдермен сауда байланыстарында да белсенді болды және қыпшақтар көшпелілер дәстүрін жалғастырушы ретінде отырықшы халықтармен мәдени байланыс жасау барысында екі өркениеттің де дамуына үлес қосты.

Батысқа қарай жылжыған көшпелілер тарихтың әртүрлі кезеңдерінде Шығыс Еуропа аумағындағы ортағасырлық мемлекеттер құрамына кіріп, олардың мемлекет қалыптастыруында өзіндік үлес қосып, қазіргі кезеңдегі саяси және этникалық бейнесін анықтауға да ықпал еткен еді. Бұл көшпелі тайпаларды атап айтар болсақ, олар бұлғарлар, хазарлар, пешенегтер, ғұздар (оғыздар), қоман-қыпшақтар болған. Осы үдерістен қоман-қыпшақтарда шеткері қалмай, кейде мықты саяси күш ретінде, кейде одақтас ретінде ортағасырлық халықаралық қатынастар жүйесінің бөлінбес бөлшегіне айналды. Қыпшақтардың батысқа қарай жылжуы екі кезеңде жүзеге асырылды. Оған дәлел ретінде ресей ғалымдары қыпшақ даласының екіге бөлінуін, яғни Днепрден батысқа қарай – Ақ Кумания, ал шығыс жағы – Қара Кумания болғанын алға тартады [1, 151 б.].

Қыпшақтардың батысқа қарай көші-қон үдерісі барысында жаңа халықтар мен мемлекеттер қалыптастырып, сауда жолдарының бағыттарын өзгертіп, әлемдік монетеистік діндердің ықпал аймақтары ұлғайып, көрші халықтардың қолөнер өндірісінің (ыдыс, қару-жарақ, әйнек және т.б.) жасалу технологиясымен танысты. Мысалы, қыпшақтардың Русьпен қарым-қатынасы көп қырлы болды, тіпті орыс княздіктері көшпелілер империясының құрылымын қолданды. XI ғасырдың аяқ шеніндегі қыпшақтар мен орыстардың қарым-қатынасы туралы баяндайтын деректер әртүрлі, негізінен орыс жылнамалары бойынша екі елдің бір-біріне шабуылы, көрші тайпалармен соғыс жағдайында одақтасқан жорықтары, некелік одақтары туралы,

қыпшақ қоғамының әлеуметтік құрылымы жөнінде, сондай-ақ, қоғамдық институттар, рулық және шаруашылық бөліністің сақталуымен сипатталады.

Көріп тұрғанымыздай қыпшақтар соғыс жағдайын, көші-қон үдерісін басынан өткеріп, қиын қыстау жағдайда болған кезеңде де түркі мәдени қауымдастығының бір өкілі ретінде Еуразияның қай аумағында болмасын өзіндік дәстүрін, тұрмысын сақтады және оны жаулап алған аумақтарға таратты. Қыпшақтардың көрші отырықшы елдермен қарым-қатынасының бейбіт жолмен шешілген кезеңдері де деректерде тіркелген. Әрине ол ұзақ уақытқа созылмаған. Тұрақты бейбіт қарым-қатынастың ұзаққа бармауының себебі билік өкілдерінің тұрақты болмауынан еді. Яғни, соғыс жағдайында немесе т.б. себептерге байланысты көшпелілерде хандардың жиі ауысуы, келісім жасалған әскери қолбасшылар тарих сахнасынан кетіп, орнына басқа билеушінің сайлануы сияқты факторлар әсер етіп отырған.

Русьтің көшпелілермен тығыз қарым-қатынас орнатуға талпынуының бірнеше себептері болды. Біріншісі көшпелілер мықты әскери және экономикалық күшке ие болып, әлемдік саяси аренада көшбасшы ел қатарынан танылды. Орыс жеріне дамыған мемлекеттер институтының келуіне себепші болған солар. Көшпелілер империясы мен Русь дамудың бір сатысында тұрды. Қыпшақтар мемлекетінің ішкі құрылымы орыс княздіктері үшін жақын әрі түсінікті болды. Бұл өз кезегінде екі мемлекеттің сыртқы саяси құрылымының, титулдарының ұқсас болуынан, мәдени жақын ынтымақтастықта болуынан, ертедегі орыс жерлерінде мемлекеттің қалыптасуындағы көшпелілердің, қыпшақтардың орнын анықтауға байланысты болды [2, 3 б.].

XI-XV ғғ. Еуразияның хақ ортасында қалыптасқан мемлекеттердің тарихында, этногенезі мен мәдениетінде маңызды орын алып, қазіргі түркі тілдес қазақ, башқұрт, татар, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, оңтүстік алтайлықтар және т.б. халықтардың қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқан қыпшақтар құрған мемлекеттің орталық аумағы қазақ даласы болды. XI-XIII ғасырлардың бас кезіне дейін Ертістен бастап, Дон мен Дунайға дейінгі аймақ «Қыпшақ Даласы» аталып, бұл өңірде ғасырлар бойы қалыптасқан қыпшақ мәдениеті үстем болған.

Ерте ортағасырларда көшпелілерде халық болса, жер табылады деген қағида орын алған. Далалық өркениеттің бір ерекшелігі оны жасаушы тұрғындардың тұрмысы мал шаруашылығына негізделгендігінен болатын. Сонымен қатар,

VII-XII ғасырларда көшпелілердің тұрмысына табиғат жағдайлары да әсер етіп отырған. Ғасырлар бойы негізгі табыс көзі малшаруашылығы болған көшпелілер, қыпшақтар үшін құрғақшылық, аязды қыс, жауын-шашын мөлшерінің аз болуы сияқты т.б. табиғат апаттары тұрмыстарына нұқсан келтіріп отырды. Осы факторлар да көшпелілерді көрші елдерге шабуыл жасауға итермелеген болуы мүмкін.

XI ғасырдың 70-ші жылдарында қыпшақ командар оңтүстік орыс жерлерін басып алды да, бастапқыда Ертіс пен Еділ аралығындағы далаға қолданылатын атау «Дешті Қыпшақ», енді Еділден Дунайға дейінгі аймаққа да қолданылатын болды. Ортағасырларда қыпшақтардың беделді болғанын Византия сияқты «Әлемдік империялардың» мойындағанынан білеміз. Дегенмен, тарихи зерттеулерде қыпшақтарда бір орталыққа бағынған мемлекеттік құрылым болмады, тек мемлекеттік бірлестіктер одағы болған деген көзқарас басымдылыққа ие болып келген. Оны теріске шығаратын, қыпшақтарда мемлекеттіліктің болғанын дәлелдейтін деректер аз. Соның біріне сүйенсек қыпшақ мемлекетінің аумағы «Это государство обширное, на севере простирающееся от Хорезма до Яркенда, Согда, Сарая, города Маджура, Азака, Судака, Булгара, Башкирда, и Джульмана» [3, 378 б.] деп көрсетілді және тағы да «...границы Дешт-и Кыпчакской земли на юге у Кальзумского моря (Каспийское море), с востока – пределы владений Хорезма, Отрар, Сыганак и другие земли и страны по направлению к Туркестану ... вплоть до границ китайских. С севера Сибирь ...пустыни и степи да пески. С запада окраины земель русских и болгар ...» деп айқындап береді [3, 459 б.]. Бұдан шығаратын түйін иен даланы уысында ұстап, ортағасырлық көрші халықтар мен мемлекеттерге өзін мойындатқан қыпшақтарда мемлекет болған деуге болады.

XI ғ. қыпшақтардың оғыздардың кешат және чағрақ тайпаларымен бірлесіп Маңғыстау мен Үстіртте, Каспий және Арал теңізі аралығындағы далаларды қоныстанғаны Әл-Идрисидің «Кіші картасында» Қыпшақтар даласы деп көрсетілген, ал XIII ғ. жататын Закария Казвинидің «Аджаиб әл-Махлукат» шығармасындағы тарихи картаның деректері XI ғ. екінші жартысына жатады, онда қыпшақтар орыстардан шығысқа қарай орналастырылған, ол кездегі орыстардың қоныстанған аймағы Ресейдің орталығымен шектелген. XI ғ. екінші жартысында қыпшақтардың Еділ бұлғарлары мен Солтүстік Кавказ жерлерінде қоныстанғаны XIV ғ. әл-Мустафидің

картасында да көрсетілген [4, 63 б.]. Сонымен қатар, Дешті Қыпшақ атауының оңтүстік орыс жерлеріне де қатысты болғанын Хамдаллах Казвини «Нузхат ал-кулуб» еңбегінде жазады, оның көрсетуі бойынша Дешт-и Қыпшақ ол Дешт-и Хазар, оның халқын орыстар половцылар деп, батыс еуропалықтар «командар» деп атаған [5, 550 б.].

XI ғ. екінші жартысы – XII ғ. басында қыпшақтар Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жерлеріне ойысып, батыс бағытында да жорықтар ұйымдастырғаны тарихи деректерде тіркелген. Мәселен қыпшақтардың батысқа қарай жылжығаны туралы белгілі ғалым С.А. Плетнева «Кипчаки, фактически получившие самостоятельность уже на рубеже X–XI вв., начали постепенное продвижение к западу. Так, примерно в 30-х гг. XI в. персидский автор Байхани указывает их месторасположение у самых границ Хорезма, а таджикский писатель Насири Хусрау в середине XI в. именуется приаральскую степь уже не гузской, как делали его предшественники, а кипчакской» – деп жазады [6, 151 б.].

Каспий мен Арал маңын, Сыр бойын бағындырғаннан кейін қыпшақтар Хорезм мемлекетінің солтүстік шекарасына дейін келді. Олар туралы 1030 жылы Хорезмшах Алтыншаш, қыпшақтардың Хорезммен шекаралас далалық жерлерде қоныстанғанын жазады. XI ғасырдың аяқ кезінде оңтүстікте Қарахандармен шектесіп, екі елдің арасындағы шекара Балхаш көлі мен Алакөл ойпатындағы көлдер болды. Қыпшақ хандары өз мемлекетінің шекарасын кеңейте отырып, Қарахандармен шектесіп жатқан жерден Қанжек Сеңгір бекінісін салады [7, 9 б.]. Ал, 1055 жылы қыпшақтар оғыздарды ығыстырып, Киев рүсінің оңтүстік шекараларына орнықты. Олардың құрамында түркі әуле-

тінен шыққан Ашина (Асень) тайпасы, олармен бірге қаилар (каепичи) және йемектерде (емякове) болды. Қун-қомандар қыпшақтардың батысында, ал дунайлық қыпшақтардан Екінші Бұлғар хандығының негізін салушы әулет орналасты. Арал маңындағы Дешті-Қыпшақ тайпаларының құрамы XII ғасырларда қаңлылармен толықты, олар қыпшақ бірлестігіне кірді, бірақ сіңісіп кеткен жоқ [8, 25 б.].

Осы көрсетілген деректерге қарап отырсақ ортағасырларда қыпшақтарға қолданылған географиялық ареал солтүстікте Батыс Сібірдің орманды далалық өлкесімен, солтүстік-шығысында Енисей қырғыздары мен хакастармен, солтүстік-батысында Еділ бойы мен Орал өңірі тұрғындары бұлғарлармен және башқұрттармен, оңтүстікте Хорезм мемлекетімен шектесіп, олармен этникалық-саяси, мәдени байланыс жасаған.

Сонымен, біз қарастырып отырған кезеңде қыпшақ тайпаларының этникалық территориясы өздерінің этникалық-саяси бірлестігі шебінің тұрғысынан алғанда, негізгінен тұрақты болған, ал көшпелі малшаруашылығымен айналысқан қыпшақтар үшін табиғат жағдайлары, соғыс, көші-қон үдерісі әсерімен қыпшақ даласының географиялық келбеті тұрақтылығын сақтап отырмаған, әр кезеңде территориясы кеңейіп отырған. Олар билігінің күшті, әрі мықты және әскери белсенді болуынан, жылдың қай мезгілінде болмасын көрші мемлекеттер тарапынан жасалатын шапқыншылыққа әрдайым дайын болған және қыпшақтар орта ғасырларда Ұлы Дала төрінде бірнеше саяси бірлестіктер құрамына кірген кезде де, дербес мемлекет ретінде танылған уақытта да, бүгінгі түркі тілдес халықтардың мемлекеттік аумағы мен этникалық келбетін қалыптастырғанда да зор үлес қосып, өзіндік этникалық элементтерін сақтап қалған.

Әдебиеттер

- 1 Гагин И.А. Волжская Булгария: очерки средневековой дипломатии (X-первая треть XIII вв.). – Рязань: СПб гос. унив-т, 2004. – 234 с.
- 2 Любчанская Т.В. Средневековые кочевники Восточной Европы и Древняя Русь (Кочевые элементы в генезисе древнерусской государственности). Автореферат дисс. на соиск. уч. степ. к.и.н. – Ижевск, 2004. – 27 с.
- 3 СМИЗО. Том I. Извлечения из сочинений арабских. – СПб.: Тип. Императорской Академии наук, 1884. – 564 с.
- 4 Кумеков Б.Е. Средневековые мусульманские карты как источник по расселению кипчаков // Источники по средневековой истории Кыргызстана и сопредельных областей Средней и Центральной Азии. Тезисы докладов и сообщений межреспубликанской научной конференции, посвященной памяти В.А. Ромодина. – Бишкек, 1991.
- 5 Бартольд В.В. Кипчаки // Бартольд В.В. Сочинения. Том V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М.: Наука. Гл. ред. Вост. лит., 1968. – 759 с.
- 6 Плетнева С.А. Кочевники южнорусских степей в эпоху средневековья IV-XII века. – Воронеж: Изд-во Воронеж, гос. ун-та, 2003. – 248 с.
- 7 Кадырбаев А.Ш. За пределами Великой Степи. – Алматы: Демей, 1997. – 200 с.

8 Кляшторный С.Г. Кипчаки, команы, половцы // Сб. матер.междун. научн.конф.«Кипчаки Евразии: история, язык и писменные памятники», 29-30 май 2013. Астана, 2013. – 430 с.

References

- 1 Gagin I.A. Volzhskaya Bulgariya: ocherki srednevekovoy diplomatii (X-pervaya tret XIII vv.). Ryazan: SPb gos.univ-t, 2004. – 234 s.
- 2 Lyubchanskaya T.V. Srednevekovyie kochevniki Vostochnoy Evropy i Drevnyaya Rus (Kochevyie elementy v genezise drevnerusskoy gosudarstvennosti). Avtoreferat diss. na soisk. uch. step. k.i.n. – Izhevsk, 2004. – 27 s.
- 3 SMIZO. Tom I. Izvlecheniya iz sochineniy arabskih. – SPb.: Tip. Imperatorskoy Akademii nauk, 1884. – 564 s.
- 4 Kumekov B.E. Srednevekovyie musulmanskie kartyi kak istochnik po rasseleniyu kypchakov // Istochniki po srednevekovoy istorii Kyrgyzystana i sopredelnyih oblastey Sredney i Tsentralnoy Azii. Tezisy dokladov i soobscheniy mezhrespublikanskoy nauchnoy konferentsii, posvyaschennoy pamyati V.A. Romodina. – Bishkek, 1991.
- 5 Bartold V.V. Kipchaki // Bartold V.V. Sochineniya. Tom V. Raboty po istorii i filologii tyurkskih i mongolskih narodov. – M.: Nauka. Gl. red. vost. lit-ryi, 1968. – 759 s.
- 6 Pletneva S.A. Kochevniki yuzhnorusskih stepy v epohu srednevekovya IV-XII veka. – Voronezh: Izd-vo Voronezh, gos. un-ta, 2003. – 248 s.
- 7 Kadyrbaev A.Sh. Za predelami Velikoy Stepi. – Almaty: Demeu, 1997. – 200 s.
- 8 Klyashtornyy S.G. Kipchaki, komanyi, polovtsy // Sb. mater.mezhdun. nauchn.konferentsii «Kipchaki Evrazii: istoriya, yazyk i pismennyye pamyatniki», 29-30 may 2013. – Astana, 2013. – 430 s.